

# **10-ТАҚЫРЫП. Халықаралық сауданың контрагенттері Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Халықаралық саудадағы контрагенттер және олардың түрлері
2. Фирманың құқықтық мәртебесі.


- **Контрагент** (лат. *contrahens, contra hens* – уағдаласушы) – шарт жасасушы тараптардың бірі; шарт бойынша белгілі бір міндеттемені мойнына алған жеке немесе заңды тұлға.



- **Контрагент** – бұл, жалпы түсінік, оның құрамына ұйымның жұмыс әріптестері (сатып алушылар, жеткізушілері және т.б.) болып табылатын заңды және жеке тұлғалар жатады




- Контрагенттер тізімі «Контрагенттер» анықтамасында («Сатылым» - «Контрагенттер» немесе «Сату» - «Контрагенттер» мәзірі) жүргізіледі. Анықтамада контрагенттер тізімімен ыңғайлы жұмыс істеу үшін олар топтарға және ішкі топтарға бөлінуі мүмкін, мысалы, «Жеткізушілер», «Басқалар», «Сатып алушылар» және т.б.



# Контрагенттер түрлері

Бірінші топқа өнеркәсіптік, саудалық,  
транспорттық-экспедиторлық,  
сақтандырушылық, арендалық, туристік,  
жарнамалық фирмалар





Екінші топқа жеке кәсіпкерлер мен  
кәсіпкерлер одақтары жатады



- Үшінші топқа жеке мемлекеттік және кооперативтік фирмалар жатады.



- Төртінші топқа ұлттық, шетелдік және аралас фирмалар жатады.





Бесінші топқа халықаралық деңгейдегі  
фирмалар, яғни трансұлттық корпорациялар  
жатады.



# Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялар



**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ




**ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ**



- **Концессиялық кәсіпорын** – мемлекетке немесе муниципалитетке тиесілі табиғат байлықтарын, кәсіпорындар мен басқа шаруашылық субъектілерін жекеше кәсіпкерлерге немесе шетелдік фирмаларға белгілі бір мерзімге пайдалануға беру туралы шарт негізінде құрылған кәсіпорын.

- **Шетелдік кәсіпорын** – жарғылық қоры түгелімен шетелдік қаржылардан құралған кәсіпорын (ұйым).



- **Аралас кәсіпорын** – меншік нысандары алуан түрлі кәсіпорын, оның қызметі бірлескен қызметті жүзеге асырушы серіктестердің үлеспұлдық жарналарына негізделген.

- **Бірлескен кәсіпорын** – екі не одан көп елдің заңды тұлға құқықтары бар құрылтайшыларының (фирмаларының, компанияларының, т.б.) мүлкін біріктіру негізінде құрылған кәсіпорын.

- Қазақстанда 1989 жылдан бастап АҚШ, Италия, Түркия, Қытай, Швейцария, Югославия, т.б. елдердің фирмаларымен Бірлескен кәсіпорындар құрылып, жұмыс жүргізуде

- «ПетроҚазақстан» тобы Оңтүстік Торғай алабында қызметін жүзеге асыратын екі бірлескен кәсіпорын – «Қазгермұнай» БК» ЖШС мен «Торғай Петролеум» АҚ компанияларындағы 50%-дық қатысу үлесін иеленді.





- **ҚАЗХРОМ ҰЛТАРАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ** – қара металлургия кәсіпорыны. Негізінен феррохром өндіреді. 1996 жылы құрылған. Өндіріс орнында: балқыту, шахта дайындау, механикалық жөндеу цехтары жұмыс істейді.

**KAZCHROME**



- Қазақстан Республикасында жүргізілетін экономикалық реформалар кәсіпорынның құқықтық, қаржы-экономикалық және әлеуметтік жағдайын, оның экономика жүйесіндегі мәртебесін бірталай өзгертті.

- Ұйымдастыру – құқықтық нысандары бойынша СЭҚ-ке қатысушыларды мына топтарға бөлуге болады:
- 1. Коммерциялық ұйымдар. Оларға шаруашылық серіктестіктері (жауапкершілік шектеулі қоғамдастықтар, акционерлік қоғамдар); өндірістік кооперативтер; мемлекеттік біртұтас кәсіпорындар (толық шаруашылық жүргізуге құқылы кәсіпорындар, қазыналық кәсіпорындар).

- 2. Коммерциялық емес ұйымдар (қоғамдық ұйымдар, тұтыну кооперативтері бірлестіктер (ассоциациялар, одақтар)).



## Компанияның мәртебесі

1. Компания «Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 қаулысын орындау мақсатында құрылды.

2. Компания өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады. Компанияның меншік нысаны - жеке меншік.



## Kazakhstan Engineering

- 3. Компания жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және жалғыз акционер Компанияның міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты, оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Компанияның қызметіне байланысты залалдар қатеріне ие.
- Компания өзінің мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

- 4.Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.





**Kazakhstan Engineering**

- 5.Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Компания өзінің тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереженің негізінде Компанияның атынан және оның тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.